



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

К.д,Оссон,1996,63: Д,Оссон К. От Чингисхана до Тамерлана (Перевод и предисловие проф. Н.Козьмина) 2-е издание. – Алматы, «Санат», 1996. – 256 стр.

Кононов,1978,37: Кононов А.Н. Семантика цветообозначения в тюркских языках// Тюркологический сборник 1978, М. 1981. С. 37-74

Қайыркен,2008,92: Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII – XIVғғ). – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.

Қашқари, 1997,1,343: Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.

Малявкин,1981,116: Малявкин А.Г. Исторические география Центральной Азии (материалы и исследования). – Новосибирск: Наука, 1981.

Махпиров, 1997,135: Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.

Мульдияров,2015,31: Мульдияров П.Я. О терминах скелот и паралат // Universum: Общественные науки. М., 2015. №4 (14).

Обольченко,1992,45: Обольченко О.В. Культура античного Согда по археологическим данным VII в. до н.э. – VII в. н.э. // М.: ГРВЛ, 1992.

ҚАЗАҚ, НОҒАЙ ТІЛДІК САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ТОПОНИМИЯДАҒЫ КӨРІНІСІ

АЙНАБЕК А.Е.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.

ӘБДУӘЛИҰЛЫ Б.,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, филология
ғылымдарының докторы.*

Түйіндеме. Мақалада қазақ, ноғай халықтарының ортақ тарихы мен тілдерінің туыстығы жөнінде баяндалады және осы тілдерде сақталған байырғы топонимдердің жасалуындағы ортақ белгілер анықталып, салыстырмалы талдаулар жасалады.

Кілт сөздер: қазақ тілі, ноғай тілі, топоним, топонимия, халықтық географиялық термин, тарих, этнография, мәдениет.

Аннотация. В статье рассказывается об общей истории казахского, ногайского народов и родстве их языков, выявляются общие черты в образовании коренных топонимов, сохранившихся на этих языках, проводится сравнительный анализ.

Ключевые слова: казахский язык, ногайский язык, топоним, топонимия, народные географические термины, история, этнография, культура

Abstract. The article tells about the common history of the Kazakh and Nogai peoples and the kinship of their languages, identifies common features in the formation of indigenous toponyms preserved in these languages, and conducts a comparative analysis.

Keywords: Kazakh language, Nogai language, toponym, toponymy, folk geographical terms, history, ethnography, culture

Топонимия – белгілі бір тілге тән жер-су атауларының жиынтығы. Жер-су атауларының шығуы мен дамуын тарихи тұрғыдан алғанда халықтың дүниетанымымен, салт-дәстүрімен байланыстыруға болады. Елдің экономикасы мен рухани мәдениеті, айнала қоршаған табиғат

әлемін тануы өзара сабақтас және жер-суға атау беруде көбіне осы құндылықтар негізгі уәж ретінде қызмет етеді. Ұсынылып отырған мақалада ноғай мен қазақ тілдерінің туыстығы мен екі тілде қолданылатын жер-су атауларының өзара байланысына тілдік талдаулар жасау көзделген. Алайда, жер-су атауларына тоқталғанда ең бірінші екі халықтың өткен тарихына қасқаша тоқталудың да өзіндік қажеттілігі бар.

Қазақ пен ноғай туыс халықтар. Бұл туралы тарихта мардымды деректер болмағанмен, тілдік жақындығы жағынан біршама зерттеулердің жарық көргені белгілі. Бұл екі халықтың бір-бірімен жақындығы туралы тарих терең талдауларды қажет ететін өз алдына жеке мәселе, сондықтан тақырыбымызға қатыстылығына қарай мына деректерді келтірумен ғана шектелміз: «XV-XVIII ғасырдың 30-шы жылдарына дейін қазақ-ноғай толастамай қатынасып тұрған. Тек 1620-1630 жылдары торғауыт-қалмақтың орыс әкімшілігінің көмегімен Еділ мен Жайық, Ақ Қобан (оны орыстар Кубань дейді) өзендеріне жайғасқаннан кейін қазақ-ноғай арасы ашылған болатын» [1]. Тарихтың талмауыр тұсында сыртқы күштер мен ішкі алауыздықтың салдарынан бір-бірінен көз жазып қалған ағайынды ел араға сандаған ғасырлар салып жеке дамуына тура келді. Алайда, тарихи салты мен дәстүрінен жаңылмай, екеуі де аман-есен бүгінгі күнге жетіп отыр.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда түркі тілдерінің классификациясын жасаған ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз. Бізге тарихтан белгілісі түркі тілдерін ең алғаш топтастырған ғалым – Махмұд Қашқари еді. Ал XIX ғасырдың соңғы ширегінде Еуропа мен Ресейдің түркітауншы ғалымдары бұл бағытта біршама ізденістер жүргізді. Солардың ішінде көпшілік мамандар тарапынан мойындалғаны – Н.А.Баскаковтың жіктеуі. Ол түркі тілдерін Батыс хун және Шығыс хун тілдері деп екіге бөледі де, Батыс хун тобын өз ішінде Бұлғар тобы, Оғыз тобы, Қыпшақ тобы, Қарлұқ тобы деп төртке бөледі. Қазақ пен ноғай тілдерін Қыпшақ тобына жатқызады. Нақтылық үшін тоқтала кетуге болады. Қыпшақ тобы үшке бөлінеді: 1. Қыпшақ-половец тілдер тобы (көне половецтер, қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым татарларының тілдері), 2. Қыпшақ-бұлғар топшасы (батыс Алтын Орда әдеби тілі, татар, башқұрт тілдері), 3. Қыпшақ-ноғай топшасы (қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдері, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі) [2, 26-27 б.; 3, 29-30 б.]. Бұл топтастыру бойынша қазақ пен ноғай (қарақалпақ) түркі тілдерінің ішінде де бір-біріне бәрінен жақын тұруымен ерекшеленеді. Қазақ пен ноғай тілдері жақын өмір сүруіне байланысты типологиялық жағынан емес, генеологиялық жағынан туысады. Ал олардың туыстық жақындығын анықтауға арналған салыстырмалы зерттеулер әлі қолға алынбай келеді. Осыған орай мақаланың да негізгі мақсаты екі тілдегі топонимдерге ортақ белгілерді анықтау болып табылады.

Тарихы ортақ, тілі мен дәстүрі өте жақын екі халықтың өмірлік ұстанымдары мен өмірге деген көзқарастарында да көптеген ортақтықтар бар. Бұл құбылыстардың өз кезегінде жер-суға атау бергенде өзіндік уәж ретінде көрініс беретіні белгілі. Қазақ пен ноғай тілдерінде жер-суға атау беру дәстүрінің ортақ жайттары кездеседі. Кейбір деректерде «XVII ғасырда ноғайлар арасында болған белгілі түрік саяхатшысы Челеби олардың көптеген қалаларын тізбектеп санап береді: мысалы, Шобан, Наурыз қырман, Таман, Қызылтас, Аққырман (қазіргі Белгород, ал қырман атауы қала деген мағына береді), Азау (қазіргі Азов қаласы)» [4.]. Бұл секілді түркі текті ортақ атауларды жинау мен ғылыми тұрғыдан зерделеу, көптеген түйінді сұрақтардың оңтайлы шешімін табу тек лингвистикалық талдаулармен шектелмейді, ол – қазақ пен ноғай халқтарының тарихы, мәдениеті, этнографиясы мен экономикасы т.б. ғылымдардың тоғысар тұсында тұрған кешенді мәселе.

Топонимдер қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Ал ноғай тілінде бұл бағыттағы зерттеулер әлі толықтыруды, тың жатқан көптеген мәселелердің күн тәртібіне қойылуын талап етеді. Сол секілді салыстыра зерттеу әдістемесіне иек артатын, қазақ және ноғай тілдеріндегі топонимдер мен халықтық географиялық терминдерге ортақ белгілер де

анықтауды талап етеді. Екі тілдегі топонимдердің өзара ұқсастықтарымен қатар, екі бөлек аймақтарда дамып жатқандықтан біршама өзгерістерге ұшырап, жыл өткен сайын айналасындағы және орналасқан аумағындағы ішкі өзгерістерге сай, жаңарып жатқан жағдайлары да бар. Халық тілінің сапалық жағынан дамуы оның өмірі мен нақты тарихи жағдайларына, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени даму деңгейіне сәйкес жүзеге асады. Өткен ғасырларда ортақ мекеннен жырақтап, бөлек кеткен ноғай тілінің қазақ тіліне жақын екендігін білгенмізбен, бұл жөнінде нақты зерттеулер жоқтың қасы. Бұл орайда, жер-су атауларының жасалуы мен лексикалық құрамын (тілдік қабаттарды) анықтау және халықтық географиялық терминдерді жинақтап, топтастыру көптеген ізденістерді қажет етеді. Бұл орайда, екі тілде кездесетін топонимдердің мазмұнында сақталған тілдік байланыстар мен ортақ белгілерді анықтауымыз керек болады. Қазақ сөздеріне географиялық терминдері өте ұқсас келетін ноғай тілі түркі тілдерінің ішіндегі аз зерттелген тілге жатады [5].

Жалпы, географиялық атауларға семантикалық талдау жасау номинацияның қайнар көздері мен принциптерін зерделеуге, топонимдердің негізін және олардың мағыналық түрлерін анықтауға, тілдің сөздік қорының байлығын ашуға мүмкіндік береді. Сөз болып отырған екі тілге ортақ белгілерді анықтау үшін топонимиялық деректерді салыстырумен қатар, ортақ топонимжасамдық типтік үлгілерді анықтаудың да маңызы зор.

Кез-келген зерттелетін аймақтардың топонимикасында белгілі бір объектінің көлеміне қарай, түсіне қарай, сипатына қарай берілетін көптеген атаулар кездеседі. Бұл номинация принципі оронимдерге, гидронимдерге және ойконимдерге де тән. «Сөздің мағыналық бөлігі өз құрамына нақты заттарды сипаттау қызметі, атап тұрған затқа қатысты ұғым-түсініктер, заттың бойында болып жататын өзгерістер т.б. көптеген ақпараттарды жинақтайды. Ол ақпараттарды өз ішінде мазмұн, мағына, ақпарат ұғымдары бойынша топтастыруға болады» [6]. Атаулардың жоғарыда аталған санаты қазақ және ноғай тілдерінде үлкен «уыйкен», кішкентай «кишкей», қысқа «шонтық», ұзын «узын», қысқа «кыска» сынды сын есімдер арқылы жасалады да, бір-біріне жақын орналасқан біртекті объектілерді ажыратуға қызмет етеді. В.Никонов «Введение в топонимику» еңбегінде «Среди многих признаков географических названий выступает одна общая для всех них главная черта – их сравнительность. Всего отчетливей она в типичной паре противопоставлений: Большой-малый...», - [7] деп бұл сөздермен тіркесіп жасалған атаулардың басты қызметі – салыстыру белгісінде туындағанын көрсетеді. Ноғай тілінде кездесетін «Кишкей ағаш», «Уыйкен ағаш» үлкен орман (үлкен Зеленчук өзенінің оң жағалауындағы Адыге-Хабль ауданындағы Қызыл тоғай ауылының оңтүстік-батысындағы үлкен орман), «Кишкей ағаш» кіші орман (Адыге-Хабль ауданындағы Қызыл тоғай ауылының оңтүстік-батысында орналасқан шағын орман), сол сияқты «Кыска йылга» қысқа жылға, «Узын йылга» ұзын жылға, «Уыйкен доьрткил» үлкен төрткіл (төртбұрышты үстірт), «Кишкей дотрткил» кіші төрткіл (төртбұрышты үстірт), «Уыйкен шоқырак» үлкен бұлақ, «Кишкей шоқырак» кіші бұлақ, «Уыйкен Адыр» Үлкен Адыр», «Кишкей Адыр» Кіші Адыр мағынасындағы атауларын жатқызуымызға болады [8]. Көлеміне қарай қойылған атаулардан кейін, келесі топқа түр-түсінің сипатына байланысты аталған топонимдерді де айтып өтуімізге болады. Қолданыстағы атауларды қарастыру ең белсенді топонимдік топтарды жүйелеуімізге көмектеседі. Мысалы, түстерге қатысты атауларды: «кара» қара, «ак» ақ, «сары» сары, «коьк» көк сөздерін қарастыратын болсақ, «Сары балшык» сары балшық, «Коьк яр» көк жартас, «Ак яр» ақ жартас, «Қызыл сув» қызыл өзен, «Ак куйы» ақ құдық, «Қара коьл» қара көл, «Сары сув» сары ағын, «ак балшык» белая глина, «Синее (зеленное) кладбище» көк зират, «Қызыл куйы» қызыл құдық, «Қызыл уый» қызыл үй, «Коьк тобе» көк (жасыл) төбе, «Алатаяк» жолақты (ала) таяқ, «Қара куйы» қара құдық, «Қара тоьбе» қара төбе, және т.б. сын есімдер тобы жатады. Айта кететіні, ноғай тілінде де «кара» қара, сары «сары», ақ «ак» қызыл «кызыл» сөздері барлық уақытта тек түс атауы ретінде қолданылмайды. «Қара» сөзінің орфографиялық мағынасы «биік, үлкен», ал

гидрономиялық мағынасында «үлкен», «терең», «жерасты көзі» деген ұғымды да қамтиды. Жоғарыда аталған компоненттердің бұл ерекшелігін келесі атаулардан байқауға болады: «Кара оба» биік қорған, «Кара сув» құдық, «Кара куйы» терең құдық, «Кара кол» үлкен аңғар, «Кара тик» тік еңіс.

Ноғай тіліндегі «Кара йылга» атауы Қарашай-Черкес республикасының Хабез ауданында орналасқан Икон-Халк ауылының оңтүстік шетіндегі кішкентай Зеленчук өзенінің сол саласының атауы [5].

Халық арасында бұл гидронимнің шығу тегі сын есімнің келесі мағынасымен байланыстырады: кара «мейірімсіз, айлакер, зұлым» (аңыз бойынша, түріктермен күрес кезінде мұнда көптеген адамдар қайтыс болғандығынан). «Мейірімсіз», «айлакер» мағынасы бар гидронимнің пайда болуын ағынның сипатымен де түсіндіруге болады.

Жаңбыр кезінде өзен арнасынан шығып, өз жолындағының барлығын алып кететін тасқынды ағысқа ие болады. Бірнеше рет турбулентті ағыс жылғадан тасып көпірді бұзған. Сонымен қатар, гидронимдегі «кара» сөзі келесі мағынада да түсіндіріледі «Кара йылга» - «подземная вода», «ручей родникового происхождения», вода, получающая питание из земли... [9] Сәйкесінше, «Кара йылгага» қарама-қарсы «Шонтык йылга» қысқа жылға бар. Бұл қарама-қайшылықтар жоғарыда айтып өткеніміздей топонимдік атаулардың басты сипаты. Негізінде ноғай тілінде өзен, бұлақ тобына тән сын есімнің «ақ» компоненті. «Ақ» сөзі топонимжасамда «нәрлі, ауыз суы» деген мағынаны береді. Ноғай тіліндегі «Ак шоқырак» сөзі «ақ бұлақ» қана емес, «нәрлі, тәтті, дәмді» мағынасын алмастырады. Сол сияқты, «Акбилек» атауын бастапқыда ағынның атауы болған деп болжаймыз. «Ақбілек» гидронимі құрылымы жағынан күрделі саналады. «Ақбілек» атауындағы бірінші буындағы «ақ» компоненті өзен, бұлақ атауларында ең жиі қайталанатын сөз. Екінші «билек» сөзінің мағынасы қазақ тіліндегі «білек» сөзімен мағыналас. Сонымен қатар, «сала, ағын» деген мағынаға да ие [8]. «Ак куйы» *тұщы, ауызсу*, «Ак сув» *тұщы, ағын су* деген мағынада берілген. Ноғайлардың халық ауыз әдебиетінде кездесетін «Кобан» өзенінің эпитеті «Ак Кобан» деп сипатталады. Зират атауларына тіркесетін «ак» сөзі «әулие, киелі» деген ұғымды береді.

Қорыта келгенде, қазақ-ноғай тілдеріндегі *Қаратөбе – Қара тоьбе, Сарысу – Сары сув, Көктөбе – Кокь тобе* т.б. секілді көптеген топонимдер өзара лексикалық сәйкестікте қолданылады. Осылайша біршамасы екі тілде де бірдей дыбысталса, енді кейбіреулерінде дыбыстық өзгешеліктер бар. Мысалы, *жар ~ йар, құдық ~ куйы, шолақ ~ шоқырак, жылга ~ йылга* т.б. секілді халықтық географиялық терминдерді осы топқа жатқызуға болады. Қазақ тіліндегі *құдық, шолақ, жар* сөздері ноғайша *куйы, шоқырак, йар* тұлғаларында дыбысталады. Қазақ тілінде құдық терминімен бірге топонимжасамға қатысатын «құйған» термині, сондай-ақ дербес қолданылатын Құйған топонимі бар. Қазақ топонимикасында «шолақ» сөзі ұзынның антонимі ретінде қолданылады. Шолақ Қарғалы өзені ағып өтетін аймақта Ұзын Қарғалы өзені де таудан төмен құлдилап, екеуі қатар ағып жатыр. Міне бұл атаулар өзара салыстырылып, мағыналық жағынан талдаулар жасалуы тиіс. Тереңірек таныған сайын шығу тарихына жақындай отырып, екі тілге ортақ белгілерді де молырақ анықтайтын боламыз.

Қазақ, ноғай тілдерінің әліпбиінде бір дыбыстың түрліше таңбалануы да атаулардың сыртқы тұлғасын бір-бірінен өзгеше көрсетіп тұрады. Мысалы, *ақ ~ ак, төбе ~ тоьбе, су ~ сув, көл ~ коьл* т.б. сөздердің ерекшеліктері дыбысталуында емес, таңбалануында. Ноғай тілінде сөз құрамы жуан буынды болса, к әрпі қ болып оқылады, оь – қазақ әліпбиі бойынша ө дыбысын, в әрпі у дыбысын таңбалайды.

Қазақ, ноғай тілдеріне ортақ терминдердің негізгі қызметтерінің бірі, нысанды атап қана қоймай, түрлі компоненттерге жалғанып, жаңа топонимдер жасауға қатысады. Мысалы, Ақсу, Көксу, Қарасу, Сарысу; Қаратөбе, Көктөбе т.б. секілді атаулар құрамындағы «су» мен «төбе» сөздері қазақ пен ноғай тілдерінде қолданылатын байырғы халықтық географиялық терминдер.

Олардың лингвистикалық жүйесі жан-жақты талдауларды талап ететін алда тұрған келелі міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. Аяған Б., Ноғай еліне саяхат // «Ана тілі» газеті. 07 Қазан, 2014. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/23261>
2. Түймебаев Ж., ... Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (Фонетика. Морфология). – Алматы: «Қазығұрт», 2017. – 324 бет.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 264 б.
4. Амирхамзин Амандык. Ноғайлар туралы // <https://yvision.kz/post/685348> 24.03.2016
5. Цагаева А., Топонимия Северной Осетии. Орджоникидзе. 1971. -Т.1.
6. Әбдуәлиұлы Б., Қазақ топонимикасы. – Нұр-Сұлтан «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2021. – 321 бет.
7. Никонов В.А., Введение в топонимику. – Москва: «Наука», 1965. – с.34.
8. Булгарова М.А., Ногайская топонимия. Ставропольсервисшкола, 1999.
9. Абрамян Г.С., Э.М. Мурзаев. Именование частей тела в Армянской географической терминологии// Ономастика Кавказа. – Орджоникидзе, 1980. -с.25
10. Проблемы историческом лексики карачаево-балкарского и ногайского языков. Сборник научных трудов. Черкесск. 1993.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕТІС ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАРЫ¹

*СЫЗДЫҚОВА Г.О.,
филология ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры.
Қазақстан, Астана қ.*

Ғылыми зерттеулерде етіс категориясы, ең алдымен анықтамасы, екіншіден, бөлінісі, үшіншіден, грамматикалық қосымшалары тұрғысынан сараланады. Бұл тұрғылардың ішінде, әсіресе, етіс түрлері және етіс жұрнақтарының қолданысы мен қызметіне қатысты көзқарастарда қарама-қайшылықтар бар.

Мақалада қазақ тіл білімінің негізін салушы, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының етістің аталған тұрғыларына қатысты пайымдауларын кейінгі ғылыми тұжырымдармен салыстыра талдауды мақсат еттік.

Қазақ тілінде етіс және оның түрлері туралы ғылыми пайымдаулар А.Байтұрсынұлының еңбектерінен басталады. Ғалым етістікке «заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер» деген анықтама беріп, етістің он түрін бөліп көрсетеді: «1) Сабақты етіс. 2) Салт етіс. 3) Ортақ етіс. 4) Өздік етіс. 5) Өзгелік етіс. 6) Беделді етіс. 7) Ырықсыз етіс. 8) Шағыс етіс. 9) Дүркінді етіс. 10) Өсіңкі етіс» [1:153-154]. Ал кейінгі грамматикаларда етіс бірде төрт, бірде бес, жеті түрге бөлініп, ғылыми тұрғыда түрліше сипатталады. Атап айтқанда, Қ.Жұбанов «етіс дегеніміз (мағына жағынан) істеуші мен істелушінің арасында қандай қатынас барын көрсететін категория» деп, оның *салт, сабақты, өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ, өсіңкі* етіс тәрізді жеті түрін бөліп көрсетеді [2:384]. А.Ысқақов етіс категориясын «амалдың (істің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше, субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін формалар жүйесі» ретінде анықтап, жұрнақтарының түріне, мағынасы мен қызметіне қарай *негізгі етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс* тәрізді бес түрге бөледі [3: 283]. Ал Ы.Маманов етіс категориясын «түбір етістіктен туатын грамматикалық форма» ретінде